


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ  
ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

# КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ

Андабаева Гульмира Кенжегалиевна

# Ұсынылатын әдебиеттер

1. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Г.К. Андабаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 336 б.
2. Кәсіпорын экономикасы оқу құралы / Р. Т. Дуламбаева ; Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 187 б., 2011ж..
3. Оразалин К.Ж. Кәсіпорын экономикасы: Тәжірибе сабағына арналған оқу құралы. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2010. - 296 б.
4. Кәсіпорын экономикасы оқу құралы / Р. Қ. Ниязбекова, Б. А. Рахметов, П. Т. Байнеева. - Алматы : Экономика, 2008. - 791 б.
5. Экономика предприятия / под. ред. Горфинкеля В.Я., Швандара В.А. – М.: ЮНИТИ, 2001.



# Сабақта қаралатын сұрақтар

**1**

**Негізгі құралдар  
түсінігі,  
құрылымы және  
оны бағалау**

**2**

**Негізгі  
құралдардың  
тозуы мен  
амортизациясы**

**3**

**Негізгі  
құралдарды  
пайдалану  
тиімділігінің  
көрсеткіштері**

# 1 Негізгі құралдар түсінігі, құрылымы және оны бағалау

**Негізгі құралдар (негізгі капитал)** – өндіріс үрдісінде ұзақ уақыт бойы қызмет ететін және осы уақыт ішінде өздерінің натуралды-заттық нысанын сақтап, өз құнын дайын өнімге тозу мөлшеріне байланысты бөлшектеп, біртіндеп амортизациялық аударымдар түрінде аударатын өндірістік, материалды-заттық құндылықтар жиынтығы.

# Негізгі құралдар топтары



# Негізгі құралдар өндірістік процеске қатысуына байланысты

## Негізгі өндірістік құралдар

өндірістік үрдіске тікелей қатысатын (қондырғылар, станоктар және т.б.) немесе өндірістік үрдіске қажетті жағдайлар туғызатын (өндірістік құрылыстар, ғимараттар және т.б.) негізгі құралдар

## Негізгі өндірістік емес құралдар

бұл ұйым балансындағы тұрғын үйлер, бала-бақшалар мен спорт клубтары, және т.б. мәдени-тұрмыстық сипаттағы объектілер.

# Салалық белгісіне байланысты

өнеркәсіптің  
негізгі құралдары

құрылыс

ауылшаруашылығы  
ның негізгі  
құралдары

транспорт және  
сауда негізгі  
құралдары

# Меншік нысанына байланысты

## Жеке меншік

негізгі қорлар сол ұйымға  
немесе басқа шаруашылық  
органына жататын  
құралдар

## Жалға алынған негізгі қорлар

жалға алу құқында  
уақытша пайдаланылатын  
құралдар



# Пайдалану дәрежесіне байланысты

әрекеттегі  
құралдар

запастағы немесе  
резервтегі құралдар

құрылыстың,  
реконструкцияның аяқталу  
кезеңіндегі құралдар

консервациядағы  
құралдар

# Мүлік түріне байланысты

Жылжымалы  
негізгі құралдар

(машиналар мен  
қондырғылар,  
транспорттық құралдар,  
өндірістік шаруашылық  
инвентарь және т.б.)

Жылжымайтын  
негізгі құралдар

(құрылыстар мен  
ғимараттар, беріліс  
құрылғылары,  
көпжылдық екпе  
ағаштар)

# Өндірістік процеске әсер ету дәрежесіне байланысты

Негізгі  
құралдардың  
активті құрамы


Өндірістік процеске  
тікелей қатысатын негізгі  
өндірістік құралдар

Негізгі  
құралдардың  
пассивті құрамы


өндірістік процестің  
дұрыс әрекет етуін  
қамтамасыз ететін негізгі  
өндірістік құралдар



Сурет - Негізгі қорлар құрылымы



Негізгі  
құралдарды  
тиімді  
басқаруда  
оларды  
бағалаудың  
мәні зор



Негізгі құралдарды натуралды түрде есепке алу олардың техникалық жағдайын, кәсіпорынның өндірістік қуатын, жабдықтарды пайдалану дәрежесін анықтау және басқа да мақсаттар үшін қажет.

Негізгі құралдарды ақшалай немесе құндық бағалау олардың жалпы көлемін, динамикасын, құрылымын, күрделі салымдардың экономикалық тиімділігін есептеу үшін қажет.

Аталуы	Сипаттамасы
Негізгі қорлардың бастапқы құны	Бұл қорларды дайындау немесе сатып алу құны, оларды жеткізу бойынша көлік шығындары мен оны қондыру құны. Бастапқы құн бойынша қорлар есепке алынады және амортизация нормасы мен амортизациялық аударымдар мөлшері, негізгі қорларды пайдалану көрсеткіштері анықталады.
Негізгі қорлардың қалпына келтіру құны	Бұл қазіргі заман жағдайында негізгі қорлардың ұдайы өндіріс шығындары. Ол қорларды қайта бағалау кезінде қалыптасады.
Негізгі қорлардың қалдық құны	Негізгі қорлардың бастапқы немесе қалпына келтіру құны мен тозу сомасының айырмасы арқылы анықталады.
Негізгі қорлардың ликвидациялық құны	Өндірісте пайдаланудан шығарылған немесе тозған негізгі қорлардың жеке объектілерін өткізу құны (көбіне металлолом бағасы).
Негізгі қорлардың баланстық құны	Қайта бағалау арқылы кәсіпорын балансында тізімге алынатын объекті құны. Бұл аралас баға: бір объектілер үшін баланстық құн ретінде қалпына келтіру құны, басқалары үшін – бастапқы құны қолданылады.
Негізгі қорлардың нарықтық құны	Сұраныс пен ұсыныс ара-қатынастарын, олардың нақты жағдайын ескеру арқылы негізгі қорлар объектілерін сатудағы мүмкін болатын бағасы. Негізгі қорлардың нарықтық құнын анықтауда салыстырмалы, шығындар және табыстар тәсілдері қолданылады.
Негізгі қорлардың орташа жылдық құны	Экономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін анықталынады. Есептеу негізгі қорлардың бастапқы құны негізінде және ену және шығу көрсеткіштерін ескеру арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі құралдарды ақшалай бағалау



## Негізгі құралдардың орташа жылдық құны

$$HҚорт = HҚжб + (HҚенг \cdot n1) / 12 - (HҚшығ \cdot n2) / 12,$$

мұндағы

HҚорт – негізгі құралдардың орташа жылдық құны;


HҚж.б – негізгі құралдардың жыл басындағы (баланстық) құны;

HҚенг – кезеңде енгізілген негізгі құралдар құны;


HҚшығ – негізгі құралдардың ликвидациялық құны;

n1 – негізгі құралдардың енгізілген кезеңінен бастағандағы қызмет көрсеткен айлар саны;

n2 – негізгі құралдардың шығарылған кезеңінен жыл соңына дейінгі айлар саны.



Негізгі  
құралдардың  
жеке  
топтарының  
ара қатынасы  
(пайыз  
есебінде)  
қорлар  
құрылымын  
құрайды.



**Салалық құрылым өнеркәсіп бойынша негізгі құралдардың жиынтық баланстық құнындағы өнеркәсіп салалары бойынша негізгі құралдар құнының үлестік салмағымен сипатталады.**

**Өндірістік құрылым – негізгі құралдардың әр тобының немесе әр элементінің жалпы құнындағы үлестік салмағымен сипатталады.**

**Технологиялық құрылым – негізгі құралдардың нақты тобының ішіндегі әр түрінің үлесін көрсетеді.**

**Өспелі құрылым – негізгі құралдардың түрлі өспелі топтарының олардың жалпы құнындағы үлестік салмағымен сипатталады.**



## 2 Негізгі құралдардың тозуы мен амортизациясы

Негізгі құралдардың ерекшелігі – өндіріс үрдісінде бірнеше рет пайдаланылуы, бірақ олардың әрекет ету уақытының нақты шектеулері тозумен сипатталады.

# Негізгі қорлар тозуы

Физикалық тозуы

Моралды тозуы

Бірінші түрдегі моралды тозу

Екінші түрдегі моралды тозу

Жартылай моралды  
тозу

Толықтай  
моралды тозу

Моралды тозудың  
жасырын нысаны

Бірінші түрдегі физикалық тозу  
(табиғи тозу)

Екінші түрдегі физикалық тозу  
(техникалық тозу)



Амортизация – негізгі құралдар құнының бір бөлігін өнімді өндіруге кеткен шығындарға қосу арқылы негізгі қорлардың тозуын ақшалай төлеу. Содан, амортизация – негізгі құралдардың физикалық және моралды тозуларын ақшалай көрсету.

Амортизация үрдісі – бұл негізгі құралдардың қызмет көрсету кезеңі ішінде өз құнын өндірілетін өнімге біртіндеп ауыстыруы және осы құнды пайдаланылған негізгі құралдардың орнын толықтыру үшін қолдану деп түсіндіруге болады.

# Амортизация нормасы

$$N_a = \frac{НК_{баст} - НК_{лик} + Д}{T_a \times НК_{баст}} \times 100\%$$

мұндағы

$N_a$  – амортизацияның жылдық нормасы, %;

$НК_{баст}$  – негізгі қорлардың бастапқы құны, теңге;

$НК_{лик}$  – негізгі қорлардың ликвидациялық құны, теңге;

$Д$  – ликвидацияланған негізгі қорларды демонтаждау құны және ликвидациямен байланысты шығындар, теңге;

$T_a$  – негізгі қорлар қызметінің нормативті кезеңі, жыл.



# Жылдық амортизациялық аударымдар

$$Аж = На * НКорт / 100 \%$$

**Амортизациялық аударымдар – аударылған құнның ақшалай көрінісі және белгіленген амортизация нормалары бойынша өнімнің өзіндік құнына енгізіледі.**



# Амортизацияны есептеу әдістері

Амортизацияны есептеудің  
сызықты әдісі

Бірқалыпты  
(амортизация нормасын  
пайдалану)

Үдемелі  
(көтеріңкі коэффициенттерді  
пайдалану)

Бәсеңдетілген  
(төмендетілген  
коэффициенттерді пайдалану)

Амортизацияны есептеудің  
сызықты емес әдісі

Дегрессивті  
(үдемелі)

Арифметикалық-дегрессивті

Геометриялық-дегрессивті

Прогрессивті  
(бәсеңдетілген)

Жүйелі емес  
(өндірілген өнім көлеміне  
пропорционалды)

# 3.3 Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Негізгі өндірістік құралдарды пайдалануды сипаттау үшін түрлі көрсеткіштер қолданылады, оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: жеке және жалпылама көрсеткіштер.

# Қондырғыларды пайдаланудың экстенсивті коэффициенті (Кэкст)

$$K_{\text{ЭКСТ}} = t_{\text{ҚОНД. Н}} / t_{\text{ҚОНД. Ж}}$$

**мұндағы**

**$t_{\text{ҚОНД. Н}}$  – қондырғылар жұмысының нақты  
уақыты, сағат;**

**$t_{\text{ҚОНД. Ж}}$  – қондырғылар жұмысының нормативті  
(жоспарлы) уақыты, сағат.**





# Қондырғыны пайдаланудың интенсивті коэффициенті

$$K_{\text{ИНТ}} = Q_{\text{қонд. н}} / Q_{\text{қонд. ж}}$$

**мұндағы**

**Q<sub>қонд. н</sub>** – уақыт бірлігінде қондырғымен өндіріліп шыққан нақты өнім көлемі;

**Q<sub>қонд. ж</sub>** – уақыт бірлігінде қондырғымен өндірілетін өнім көлемі (қондырғының паспорттық мәліметтерінің негізінде анықталады).



# Қондырғыны пайдаланудың интегралды коэффициенті (Кинтегр)

Кинтегр = Кэкст Кинт



# Негізгі қорларды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері

Негізгі  
қорларды  
пайдалану  
тиімділігі

Негізгі  
қорлармен  
қамсыздандыру

Негізгі  
қорлардың  
қозғалысы

Негізгі  
қорлардың  
жағдайы

1) қор  
қайтарымдылығы  
2) қор  
сыйымдылығы  
3) негізгі қорлар  
рентабелділігі

1) қормен  
жарақтандыру  
2) техникалық  
жарақтандыру

1) ену  
коэффициенті  
2) шығу  
коэффициенті  
3) жаңару  
коэффициенті  
4) өсім  
коэффициенті

1) тозу  
коэффициенті  
2) жарамдылық  
коэффициенті

## Өнімнің құралдар сыйымдылығы

$$K_1 K_2 = Q / H K_{орт}$$

негізгі құралдар құнының әр бір теңгесіне шаққандағы өндірілген өнім көрсеткіші. Оның көлемі негізгі құралдардың дерлік барлық топтары қаншалықты тиімді пайдаланылғандығын көрсетеді

## Өнімнің құралдар сыйымдылығы

$$K_1 C = H K_{орт} / Q$$

құралдар қайтарымдылығына кері мөлшер. Егер құралдар қайтарымдылығы жоғарлаған жағдайда құралдар сыйымдылығы төмендейді. Өндірілген өнімнің әр бір теңгесіне шаққандағы негізгі құралдар құнының үлесін көрсетеді

## Негізгі өндірістік құралдардың рентабелділігі

$$P = (П / НҚ_{орт}) \times 100\%$$

негізгі құралдар құнының әр  
бір теңгесіне шаққандағы  
пайда мөлшерін сипаттайды

## Еңбекті құралдармен жарақтандыру

$$Қ_{Ж} = НҚ_{орт} / С$$

көрсеткіші негізгі құралдар  
құнының кәсіпорынның  
жұмысшылар санына (С)  
қатынасы арқылы анықталады

# Тест тапсырмаларында кездесетін сұрақтар мысалы

1

Кәсіпорынның негізгі өндірістік құралдары құрамына жататын материалдық - заттық элементтер

2

Сатып алу, оның құрылысы нәтижесінде кәсіпорынның (цехтың, корпусының) балансына есепке алу кезінде негізгі құралдардың бағалануы

3

Құралдар қайтарымдылығы көрсеткішінің сипаттамасы

4

Машиналардың жаңа прогрессивті түрлерін енгізу нәтижесінде машиналар құнының арзандауы

05

Негізгі құралдар құнының бір бөлігін өнім өндірісіне кеткен шығындар құрамына қосу арқылы оның тозуын ақшалай орнын толықтыру

# СҰРАҚТАР ТУЫНДАСА

Телефонмен хабарласуға болады, әрқашанда  
көмектесуге тырысамын

**Телефон нөмері**

8 (701) 320 -37-24

**E-mail**

andabayeva.gulmira@kaznu.kz